ҚАЗАҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ГУМАНИТАРЛЫҚ-ЗАҢ УНИВЕРСИТЕТІ
Гуманитарлық факультет
Тарих және әлеуметтік - гуманитарлық пәндер кафедрасы

**6В02212 "Отан және дүние жүзі тарихы"**
**білім беру бағдарламасы**

# ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

Түскен жылы-2019

Семей 2019 жыл

Берілетін академиялық дәрежесі: "6В02212 Отан және дүние жүзі тарихы" білім беру бағдарламасы бойынша гуманитарлық білім бакалавры

| **Таңдау пәні реттік №** | **Пәннің аталуы** | **Кредит саны** | **Пререквизиттер** | **Постреквизиттер** | **Пәннің қысқаша мазмұндамасы, оқу мақсаты және күтілетін нәтиже (білім,қабілеті,дағдылары,компетенциясы)** |
|---|---|---|---|---|---|
| **ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ПӘНДЕРІ** | | | | | |
| **Таңдаулы пәндер (ТП)** | | | | | |
| **Экономикалық-құқықтық білімдер модулі** | | | | | |
| 1 | Нарықтық экономика және кәсіпкерлік негіздері | 3 | Мектептегі жалпы білім негіздері | Қазақстанның экономикалық тарихы | Бұл пәнді оқытудың мақсаты : нарықтық экономика негіздері мен кәсіпкерлікті ұйымдастыру саласында студенттерді теориялық және тәжірибелік біліммен қамтамасыз ету, студентте Қазақстандағы кәсіпкерлік іс-әрекеттің басым бағыттары бойынша білім кешенін қалыптастыру және бизнес-жоспар жасауда кәсіпкерлік іс-әрекетті дұрыс жүргізуде тәжірибе жинақтауға көмектесу.<br>Мазмұны: экономиканың қыр сырын жалпылама түрде оқып білу, кәсіпкерліктің институционалдық және заңдық базасының теориялық және тәжірибелік негізінің білімін беру және кәсіпкерлік іс-әрекет тәжірибесін жинақтау: кәсіпкерлік теориясының түрлі бағыттары туралы білім беру; ҚР кәсіпкерлік іс-әрекет жағдайы және болашағы туралы білім; жоспарлау және кәсіпкерлік қызметтерді диагностикалау маркетингілік қызметті қабылдау және негізгі әдістердін тәжірибе жүзінде қолдана білу, студенттерді өз бизнес-жоспарларын құруға үйрету; тауар, нарық, бәсекелес туралы ақпарат жинау,<br>Білімі: ақша функциялары, сыйақы деңгейіндегі жалақының айырмашылықтарының себептері; салықтардың негізгі түрлері; кәсіпкерліктің ұйымдастырушылық-құқықтық нысандары; бағалы қағаздардың түрлері; экономикалық өсу факторлары; кәсіпкерлік қызмет теориясы мен практикасының қазіргі жағдайы; кәсіпкерлік қызметтің ерекшелігі;<br>Іскерлігі: өндіріс факторлары мен факторлық кірістерді есептей алу, қоғамдық тауарлар, әртүрлі ұйымдық формадағы қазақстандық кәсіпорындар, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | әлемдік экономикалық проблемалар туралы мысалдар келтіре білу; нарықтық тетіктің әсерін, жалақы мен еңбекке ынталандырудың негізгі формаларын, инфляцияны, Қазақстанның мемлекеттік бюджетінің негізгі баптарын тәжірибеде қолдана алу, экономикалық өсу, заманауи кәсіпкерліктің негізгі терминологиясын пайдалану.<br>Дағдылары: экономикалық ақпаратты алу және бағалау; отбасылық бюджетті құру; тұтынушы, отбасы мүшесі және азамат ретіндегі өздерінің экономикалық қызметін бағалау. |
| 1 | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет және құқық негіздері | 3 | Мектептегі жалпы білім негіздері | - | Пәнді оқып-үйренудің мақсаты: курсты оқып-үйрену және студенттерді сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы білім жүйесін қалыптастыру және осы құбылысқа байланысты азаматтық ұстанымды қалыптастыру.<br>Мазмұны: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің негіздері - бұл барлық мамандықтар мен бакалаврларды даярлау бағыттары үшін тұтас пәнаралық білім жүйесі.<br>Күтілетін нәтиже: Пәнді оқу нәтижесінде студенттер білуі керек: сыбайлас жемқорлықтың мәні және оның пайда болу себептері, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін моральдық-құқықтық жауапкершілік шарасы.<br>Істей білу: сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет туралы жаңа білім алу дағдыларына ие болу - тұтас пәнаралық білім жүйесі.<br>Құзіреттіліктер: жалпы білім. |
| **Экономикалық-жаратылыстану білімдер модулі** | | | | | |
| 1 | Нарықтық экономика және кәсіпкерлік негіздері | 2 | Мектептегі жалпы білім негіздері | Қазақстанның экономикалық тарихы | Бұл пәнді оқытудың мақсаты : нарықтық экономика негіздері мен кәсіпкерлікті ұйымдастыру саласында студенттерді теориялық және тәжірибелік біліммен қамтамасыз ету, студентте Қазақстандағы кәсіпкерлік іс-әрекеттің басым бағыттары бойынша білім кешенін қалыптастыру және бизнес-жоспар жасауда кәсіпкерлік іс-әрекетті дұрыс жүргізуде тәжірибе жинақтауға көмектесу.<br>Мазмұны: экономиканың қыр сырын жалпылама түрде оқып білу, кәсіпкерліктің институционалдық және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | заңдық базасының теориялық және тәжірибелік негізінің білімін беру және кәсіпкерлік іс-әрекет тәжірибесін жинақтау: кәсіпкерлік теориясының түрлі бағыттары туралы білім беру; ҚР кәсіпкерлік іс-әрекет жағдайы және болашағы туралы білім; жоспарлау және кәсіпкерлік қызметтерді диагностикалау маркетингілік қызметті қабылдау және негізгі әдістердін тәжірибе жүзінде қолдана білу, студенттерді өз бизнес-жоспарларын құруға үйрету; тауар, нарық, бәсекелес туралы ақпарат жинау,<br>Білімі: ақша функциялары, сыйақы деңгейіндегі жалақының айырмашылықтарының себептері; салықтардың негізгі түрлері; кәсіпкерліктің ұйымдастырушылық-құқықтық нысандары; бағалы қағаздардың түрлері; экономикалық өсу факторлары; кәсіпкерлік қызмет теориясы мен практикасының қазіргі жағдайы; кәсіпкерлік қызметтің ерекшелігі;<br>Іскерлігі: өндіріс факторлары мен факторлық кірістерді есептей алу, қоғамдық тауарлар, әртүрлі ұйымдық формадағы қазақстандық кәсіпорындар, әлемдік экономикалық проблемалар туралы мысалдар келтіре білу; нарықтық тетіктің әсерін, жалақы мен еңбекке ынталандырудың негізгі формаларын, инфляцияны, Қазақстанның мемлекеттік бюджетінің негізгі баптарын тәжірибеде қолдана алу, экономикалық өсу, заманауи кәсіпкерліктің негізгі терминологиясын пайдалану.<br>Дағдылары: экономикалық ақпаратты алу және бағалау; отбасылық бюджетті құру; тұтынушы, отбасы мүшесі және азамат ретіндегі өздерінің экономикалық қызметін бағалау. |
| 1 | Экология және тіршілік қауіпсіздік негіздері | 2 | Мектептегі жалпы білім негіздері | - | Мақсаты. Адам мен қоршаған орта арасындағы өзара әсер ету үдерістерін реттеу мүмкіндігі және адамның өмірі мен тіршілік қауіпсіздігі туралы түсініктерді қалыптастыру.<br>Мазмұны. Табиғатты пайдалану, төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс қарқындылығы жағдайында өмір сүру қауіпсіздігінің, экологияның негізгі ұғымдарын, қазіргі заманғы өркениет мәселелерін және адамның шаруашылық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | және басқа да қызметінің экологиялық салдарларын зерттеу. Қоршаған ортаның әртүрлі факторларынан халықты қорғаудың принциптері мен тәсілдерін, тіршілік қауіпсіздігі саласындағы заңнамалық және құқықтық актілерді ашу. Қоршаған ортаны және биологиялық ресурстарды сақтау.<br>Күтілетін оқу нәтижелері: студенттер білуі тиіс: тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі мен экологиялық бақылаудың заңнамалық базасын, сондай-ақ адам мен ортаға зиянды факторлардың әсерін идентификациялау, жою әдістерін және адамның өмірі мен қызметі үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуді; істей білуі тиіс: кәсіби қызметте қолдану үшін қауіпсіздік нормаларын жүйелендіруді; өзінің кәсіби қызмет саласына қатысты қауіптерден қорғау әдістерін таңдауды және тіршілік әрекетінің қолайлы жағдайларын қамтамасыз ету тәсілдерін таңдауды; өндірістік, тұрмыстық және төтенше жағдайларда тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ету дағдыларын, алғашқы медициналық көмек көрсету дағдыларын меңгеруі тиіс. |
| **БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕР** | | | | | |
| **Таңдаулы пәндер (ТП)** | | | | | |
| **1** | Этнология | 5 | Ежелгі дүние тарихы | Түркі халықтарының этно-мәдени тарихы | Мақсаты - әлем халықтарының шығу тегін анықтау,мазмұны-әлем халықтарының шығуы және мәдениеті,тұрмысы туралы қарастыру.<br>Мазмұны: Әлем халықтарының этникалық тарихы туралы қарастыру,олардың дәстүрі мен мәдениеті туралы талдап.қарастыру.<br>Күтілетін нәтиже: Білуі керек: Әлем халықтарының шығу тегін,мазмұны-әлем халықтарының шығуы және мәдениеті, олардың тұрмысы,әдет – ғұрпы туралы, әлем халықтарының этникалық тарихы туралы, дәстүрі мен мәдениеті туралы білуі керек.<br>Меңгеру керек: этнология пәнінің мақсат – міндеттерін меңгеру. этнос туралы түсінік және алғашқы халық болып қалыптасқан халықтар тарихына тоқталып,олардың халық болып қалыптасуы тарихы мен тұрмысы жайлы білім меңгеріп шығады. |
| **1** | Әлем халықтарының | 5 | Ежелгі дүние | Түркі халықтарын | Пәннің мақсаты - Әлем халықтарының шығу тегі және олардың қалыптасу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | этнографиясы | | тарихы | ың этно-мәдени тарихы | тарихындағы ерекшеліктері мен мәдениеті туралы білім қалыптастыру.<br>Мазмұны - Дүние жүзіндегі әлем халықтарының қалыптасу тарихы және олардың этнографиясы,олардың орналасу тарихы,дәстүрі жайлы қарастыру.<br>Күтілетін нәтиже:<br>Білуі керек: Әлем халықтарының шығу тегі және олардың қалыптасу тарихындағы ерекшеліктері мен мәдениеті туралы, дүние жүзіндегі әлем халықтарының қалыптасу тарихы және олардың этнографиясы,олардың орналасу тарихы,дәстүрі жайлы білуі керек.<br>Меңгеру керек: курс бойынша студенттер әлем халықтарының этнографиясы жайлы толық білім алып шығады, яғни әлем халықтарының шығу тегі және мәдениеті, олардың орналасуы, тілдік классификациясы жайлы біліп меңгеріп шығады. |
| **2** | Қосалқы тарихи пәндер | 4 | Археология | Теориялық деректану | Пәннің мақсаты-Қосалқы тарихи пәндерге тоқталып,олардың мінттері мен мақсаттары туралы білім қалыптастыру.<br>Мазмұны:Қосалқы тарихи пәндер-палеография,нумизматика,сфрагистика,геральдикаға және т.б жеке тоқталып,олардың қызметі жайлы және тарихи маңызы туралы қарастыру.<br>Күтілетін нәтиже:<br>Білуі керек: Қосалқы тарихи пәндер-палеография, нумизматика, сфрагистика, геральдика, хронология және тағы басқа қосымша тарихи пәндерге жеке тоқталып,олардың қызметі жайлы және тарихи маңызы туралы білуі керек.<br>Меңгеруі керек: Курс соңында студенттер қосалқы тарихи пәндердің маңызы мен қызметі туралы, қосалқы тарихи пәндердің түрлерін және олардың маңызы туралы, нумизматика,хронология,сфрагистика және т.б қосалқы тарихи пәндердің қызметі туралы білім меңгеріп шығады. |
| **2** | Тарихи нумизматика | 4 | Археология | Теориялық деректану | Пәннің мақсаты нумизматиканың мақсаты мен міндеті туралы білім қалыптастыру.Тарихтағы тиындар, құйма ақша кесектері, тиын мөрлерінің пайда болуы мен тарихи жайлы қарастырылды. Нумизматика ұғымдары мен ақшаның даму тарихы жайлы қарастырылады.<br>Күтілетін нәтиже: Нумизматиканың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | мақсаты мен міндетін білуі керек.Тиындардың, ақшаның пайда болуы мен тарихы мен маңызы жайлы білім меңгеріп шығады. |
| **3** | Ортағасырлардағы Азия және Африка елдерінің тарихы | 4 | Ежелгі дүние тарихы | Батыс және Шығыс елдерінің жаңа заман тарихы, | Пәннің мақсаты-Ортағасырлардағы Азия және Африка елдерінің феодализмнің қалыптасқан кезінен бастап , дамуы құбылыстары кезіндегі Азия және Африка елдерінің тарихы жайында қарастыру, талдау, білім меңгеру. Мазмұны: Орта ғасырлар кезеңіндегі Азия және Африка елдерінің саяси - әлеуметтік, мәдени тарихын қамтиды.<br>Күтілетін нәтиже: Білуі керек: Ортағасырлардағы Азия және Африка елдерінің феодализмнің қалыптасқан кезінен бастап, дамуы,қоғамдық құрылысы және ішкі ,сыртқы саясаты туралы білуі керек.Меңгеруі керек: Орта ғасырлар кезеңіндегі Азия және Африка елдерінің саяси -әлеуметтік, мәдени тарихын баяндай білуді меңгеруі керек, тарихи зерттеулермен және деректермен жұмыс жасауды меңгеруі керек. |
| **3** | Ортағасырлардағы Азия және Африка елдерінің тарихы тұлғалар арқылы | 4 | Ежелгі дүние тарихы, | Батыс және Шығыс елдерінің жаңа заман тарихы, | Пәннің мақсаты-Ортағасырлардағы Азия және Африка елдерінің тарихын сол заманғы тұлағалар арқылы тани білу.<br>Мазмұны: Орта ғасырлар кезеңіндегі Азия және Африка елдерінің саяси - әлеуметтік,мәдени тарихын қамтитын кезеңдегі белгілі тұлағалардың мемлекет және ,<br>мәдениет өміріндегі қызметі жайлы,негізгі оқиғалары, процесстері туралы мәліметтерді қарастыру<br>білуі керек:Азия және Африка халықтарының ортағасырлардағы саяси даму үрдісін және әлемдік тарихта алатын орны.<br>Күтілетін нәтиже: Білуі керек: Ортағасырлардағы Азия және Африка елдерінің тарихындағы елеулі орын алатын,яғни қоғамдық саяси өмірде,мәдени өмірде белгілі тұлғалардың қызметі мен өмірбаяны туралы білуі керек.<br>Меңгеруі керек: Ортағасырлардағы Азия және Африка елдерінің тарихын сол заманғы тұлағалар арқылы тани білуді меңгеруі керек.Орта ғасырлар кезеңіндегі Азия және Африка елдерінің саяси - әлеуметтік,мәдени тарихын қамтитын кезеңдегі белгілі тұлағалардың мемлекет |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | және мәдениет өміріндегі қызметі жайлы,негізгі оқиғалары, процесстерін талдай білуді меңгеруі керек. |
| **4** | Мұражайтану | 4 | Археология | Мұражайтапну іс-тәжірибесі | Мұражайтану курсының мақсаты- мұражай ісінің теориялық негізі,- мұражай ісінің ғылыми негізі, қызметтері, қоғамдық мәдени ортадағы мұражай ісі, мұражай ісінің әлеуметтік-мәдени қызметері, мұражай ісінің тәжірбиелік негізі-ғылыми-зерттеу жұмысы мұражай ісінің ќалыптасуының негізі, мұражай ісінің бағыттары, мұражай ісін ќазіргі мұражайды басқару технологиясындағы менеджмент және маркетинг мәселелері туралы білім қалыптастыру.<br>Мазмұны:Білімділік деңгейінде мұражай ісінің ғылыми негізі, атқаратын ќызметтерін анықтау. Дағдылық деңгейінде қоғамдық мәдени ортадағы мұражай ісінмен танысу,меңгеру.<br>Күтілетін нәтиже:Білуі керек: мұражай ісінің теориялық негізі, мұражай ісінің ғылыми негізі, қызметтері, қоғамдық мәдени ортадағы мұражай ісі, мұражай ісінің әлеуметтік-мәдени қызметері, мұражай ісінің тәжірбиелік негізі-ғылыми-зерттеу жұмысы мұражай ісінің ќалыптасуының негізі, мұражай ісінің бағыттары, мұражай ісін ќазіргі мұражайды басқару технологиясындағы менеджмент және маркетинг мәселелері туралы білуі керек.<br>Меңгеруі керек: Мұражай ісінің ғылыми негізі, атқаратын ќызметтері, қоғамдық мәдени ортадағы мұражай ісінмен танысу,меңгеру. студент мұрағаттану пәнінің мақсат-міндеттерін, мұражайдың қоғамдағы рөлі мен маңызы туралы меңгеруі керек. |
| **4** | Әлем мұражайларының тарихы | 4 | Археология | Мұражайтапну іс-тәжірибесі | Пәннің мақсаты – Пән бойынша алғашқы мұражайлардың қалыптасу тарихы мен олардың даму барысы жайлы білім қалыптастыру.<br>Мазмұны – Әлемдік деңгейде қалыптасқан мұражайлар тарихы жайлы талдау және қарастыру.<br>Күтілетін нәтиже<br>Білуі керек: Алғашқы мұражайлардың қалыптасу тарихы мен олардың даму барысы жайлы, еуропалық, америкалық, азиялық мұражайлардың қалыптасуы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Мазмұны – Әлемдік деңгейде қалыптасқан мұражайлар тарихы жайлы талдау және қарастыру.<br>Меңгеруі керек: Курс соңында студент Әлем мұражайларының тарихы пәнінің маќсат-міндеттерін біліп шығады.Әлем мұражайларының қалыптасу тарихы мен дамуы және әлемдік мәдениетте алатын орны туралы білім меңгеріп шығады. |
| **5** | Әлем діндер тарихы | 5 | Ежелгі дүние тарихы | Қазақ халқының рухани мәдениетінің тарихы | Мақсаты:Адамзат қоғамындағы аса күрделі де маңызды әлеуметтік-мәдени сана-дін,яғни адамзат тарихындағы діндер тарихы туралы білім қалыптастыру.. Діннің басты мақсаты – адамның рухани жетілуі және оның жаратушы деген сенімі.<br>Мазмұны: Әлемде діндердің пайда болуы мен дамуы және олардың таралуы жайында қарастыру.<br>Күтілетін нәтиже: Білуі керек: Алғашқы діни наным- сенімдердің пайда болуы және алғащқы халықтардың діни түсініктері туралы ,тарихи даму факторлар негізінде пайда болған алғашқы діндердің маңызы мен олардың адамзат өміріндегі рухани заңдылықтары жайлы білуі крек..<br>Меңгеруі керек: Курс соңында студенттер әлемде діндердің пайда болуы мен дамуы және олардың таралуы жайында , олардың өзіне тән ерекшеліктері туралы, алғашқы діндердің сипаты мен олардың маңызы туралы білім меңгеріп шығады. |
| **5** | Әлем халықтарының мәдениеті мен тарихындағы діндер | 5 | Ежелгі дүние тарихы | Түркі халықтарының этно-мәдени тарихы | Пән діннің анықтамасын және оның рухани өмірдегі сипаттамаларын зерттейді. Әлемдік діндердің пайда болуы мен дамуы. Дін элементтері мен құрылымы: діни сана, діни қызмет, діни қатынастар,діни ұйымдар. Діннің қызметі мен рөлі. Әлем халықтарының тарихындағы діндердің пайда болуы мен таралуы жайлы қарастырылады.Әлем халықтарының мәдениетінің, өркениетінің пайда болуы мен дамуы және әлемдік діндердің пайда болуы жайлы білім қалыптастыру. Әлемдік өркениеттің пайда болуы мен дамуы жайлы, діннің пайда болуы мен рухани өмірдегі орны мен маңызы туралы қарастыру.<br>Күтілетін нәтиже: Діннің анықтамасы және оның рухани өмірдегі сипаттамалары туралы білуі керек. Әлем халықтарының мәдениетінің пайда болуы мен дамуы және әлемдік діндердің пайда |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | болуы жайлы білім меңгеріп шығады. |
| **6** | Шығыс және Батыс елдерінің ортағасырлық мәдениеті | 5 | Ежелгі дүние тарихы | Шет елдер тарихының тарихнамасы мен деректануы | Пәннің мақсаты – Шығыс және Батыс елдерінің ортағасырлардағы саяси тарихы мен мәдениеті және дамуы жайлы білім қалыптастыру.<br>Пән Шығыс және Батыс елдерінің ортағасырлық мәдениетін зерттейді. Шығыс пен Батыс мәдениеттерінде жалпы және әртүрлі мәдениеттің даму ерекшеліктерін қарастырады. Қазіргі білім деңгейіне сәйкес әлемдік орта ғасырдағы мәдениет тарихының негізгі даму кезеңдері мен тораптық мәселелерімен таныстырады. Шығыс және Батыс елдерінің ортағасырлық мәдениетінің дамуы мен әлемдік өркениетке тигізген әсері туралы қарастырылады.<br>Күтілетін нәтиже: Шығыс және Батыс елдерінің ортағасырлардағы саяси тарихы мен мәдениеті туралы білуі керек. Шығыс және Батыс елдерінің ортағасырлық тарихының ерекшелігі мен әлемдік тарихқа тигізген әсері жайлы білім меңгеріп шығады. |
| **6** | Ортағасырлардағы саяси ойдың тарихы | 5 | Ежелгі дүние тарихы | Шет елдер тарихының тарихнамасы мен деректануы | Пән жалпы орта ғасырдағы қоғамдық-саяси ой және әсіресе философия үшін антикалық әлемнің жойылу салдарын; оның орнына христиан теологиясына, оның негізін қалаушы әкелерге келу себептерін; орта ғасырдағы әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдарды диверсификациялау үшін жағдай жасау себептерін, негізгі идеялары мен ұстанымдарын, жүйелік сипаттарын, негізгі идеяларын және ұстанымдарын зерттейді; ойшылдардың саяси көзқарастарының түсіндірудің ерекшеліктерін аныұтау және сипаттау.<br>Күтілетін нәтиже: Орта ғасырдағы қоғамдық-саяси ой және әсіресе философия үшін антикалық әлемнің жойылу салдары жайлы білуі керек.Орта ғасырдағы әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардың пайда болуы мен ойшылдардың саяси көзқарастары туралы білім меңгеріп шығады. |
| **7** | Теориялық деректану | 5 | Қосалқы тарихи пәндер | Қазақстан тарихының тарихнамасы мен деректануы, Шығыс | Мақсаты:Деректану пәнінің негізгі мақсаты тарихы дерек жайлы ұғым қалыптастыру.Тарихи деректің маңызы туралы түсінік беру.<br>Деректану ғылымы және оның ғылыми пән ретінде қарастыру .Тарихтағы деректерді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | және Батыс елдерінің тарихнамасы мен деректануы | талдау және олардың құндылығы жайында талдау. Пән тарихи оқиғаларды және жағдайларды көрсететін белгілі бір әлеуметтік жағдайларда пайда болатын тарихи құбылыс ретінде және тарихи таным құралы ретінде дереккөздің гносеологиялық табиғатын зерттеу міндеттерімен танысады. Деректанудың мақсаты мен міндеті және дерек көздеріне шолу, олардың сыныпталуы мен шынайылығы мен маңызы жайлы қарастырылады.Күтілетін нәтиже:<br>Білуі керек: Деректанулық ұғымдар мен терминдер жүйесін игеру, теориялық деректану тарих ғылымдарының құрамдас бөлігі екендігін, тарихи зерттеулерде алатын орны ерекше екендігін білуі керек,тарихи деректерді таңдауды және тарихи деректерді сыныптау мәселесін білуі керек. |
| **7** | Шығыс елдерінің тарихындағы дереккөздер | 5 | Ежелгі дүние тарихы | Шет елдер тарихының тарихнамасы мен деректануы | Пәннің мақсаты-Шығыс елдерінің деректері және олардың тарихи маңызы жайлы білім қалыптастыру.<br>Мазмұны – Шығыс тарихы бойынша жазба деректерді талдау әдістемесін зерттеу. Шығыс елдер деректерінің тарихи маңызы мен сипаты туралы қарастырылады.<br>Күтілетін нәтиже<br>Білуі керек: Әлемдік тарихи тенденциялар негізінде адамзаттың тарихи дамуының негізгі кезеңдері туралы,Шығыс жазба ескерткіштерінің түрлері мен олардың тарихи құндылығы жайлы білуі керек.<br>Меңгеруі керек: Студенттер тарихтағы деректің маңызын және Шығыс елдердің тарихи деректерінің мазмұны мен маңызы жайлы білім меңгеріп шығады. |
| **8** | Мұрағаттану | 4 | Қосалқы тарихи пәндер | Мұрағаттану іс-тәжірибесі | Пәннің мақсаты - мұрағаттану саласының пайда болуы мен дамуы,оның қызметі жайлы білім алады.Мұрағат ісінінің жүргізілуі мен барасы және мұрағаттық құжаттарды сақтауды, жинақтауды, есепке алуды және пайдалануды ұйымдастыруды үйренеді; Мұрағаттану туралы білімді қалыптастырады.<br>Мұрағат ісінің тарихи дамуының кешенді процесін, оның негізгі кезеңдері мен ерекше ерекшеліктерін қарастырады.<br>Күтілетін нәтиже: Білуі керек: мұрағаттану пәнінің мақсаты мен міндеті және оның маңызы туралы білуі керек. Мұрағат ісі мен құжаттық жұмыстын, ақпараттық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | қоғам құрылымындағы мұрағаттар мұрағат ісінің теориясы мен әдістемесінінің негізі жайлы білім алып шығады.<br>Меңгеруі керек: мұрағат ісі мен құжаттану бойынша кәсіби біліктілігі қалыптасу негіздері жайлы меңгеру. Құжаттарды сараптау, сақтау, бағалау жұмысы , соңымен қатар жалпы гуманитарлық білім ретінде меңгеріп шығады. |
| **8** | Мұрағат ісінің тарихы | 4 | Қосалқы тарихи пәндер | Мұрағаттану іс-тәжірибесі | Пәннің мақсаты- Мұрағат ісінің тарихы пәнінің мақсаты мен міндеті туралы білім қалыптастыру.<br>Мұрағат ісінің тарихының қалыптасуы мен оның дамуы ерекшеліктері туралы, мұрағаттардың қалыптасу тарихы мен тарих ғылымымен тығыз байланысы, мұрағат қорларының пайда болуы мен тарихи деректердің мұрағатта сақталуының маңызы мен қолдану ережесі туралы қарастырылады.Мұрағат ісінің тарихының қалыптасуының алғышарттары мен ерекшелігі туралы қарастырылады.<br>Күтілетін нәтиже:<br>Білуі керек: Мұрағат ісінің тарихы және оның дамуы,ерекшелігі теориялық және методологиялық проблемалары туралы білуі керек.Мұрағат ісіндегі заңдылықтар жайлы білуі керек.<br>Меңгеруі керек: Мұрағат ісі және оны жүргізу барысы және мұрағат ережелері туралы меңгеруі қажет. |
| **9** | Қазақстанның қазіргі заман тарихы | 6 | Қазақстанның жаңа заман тарихы | Қазақстан Республикасы әлемдік қауымдастықта | Мақсаты: XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы коммунист кеңестік жүйенің қалыптасуын, құрылуын, дағдарысын, құлауын және тәуелсіз Қазақстан Республикасының нығаюымен оның әлемдік қауымдастықтағы орнын зерттеу.<br>XX ғғ. екінші жартысындағы оқиғаларды жаңа теориялық - методологиялық көзқарас тұрғысынан; Кеңестік саяси жүйенің қалыптасу процесін; ЖЭС-тің мәнін талдау; Қазақ қоғамын большевиктік модернизациялаудың мазмұны мен салдарын; Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысына қатысу мәселелерін көрсету; Коммунисттік партияның саяси және экономикалық, реформалаудың негізгі, большевиктердің ұлттық; саясатының мәнін анықтау; Әміршіл-әкімшіл жүйенің күштеу үрдісін; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Тоқырау құбылыстарының себептері; Кеңестік социализмнің дағдарысы және КСРО-ның ыдырауын; Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу урдісін;Қазақстаның ішкі және сыртқы саяси қызметін ашу;<br>Күтілетін нәтиже: Қазақстандағы кеңестік билік жүйесінің қалыптасуы, құрылуы, дағдарысы, құлауы және тәуелсіз Қазақстан Республикасының нығаюымен оның әлемдік қауымдастықтағы орны туралы білуі керек. Кеңестік социализмнің дағдарысы және КСРО-ның ыдырауын;Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу урдісін; Қазақстаның ішкі және сыртқы саяси қызметі туралы білуі керек.<br>Меңгеруі керек: Қазақстанның қазіргі заман тарихының тарихнамасы мен дереккөздері жайлы,тарихи оқиғаларды талдау және жаңа көзқарас жайлы білім меңгеріп шығады. |
| **9** | Мәдени модернизация жылдарындағы Қазақстан | 6 | Қазақстанның жаңа заман тарихы | Отан тарихның өзекті мәселелері | Пән бойынша 1920-30 жылдары жүргізілген қазақ мәдениетіндегі модернизация процесі туралы білім қалыптастыру. Қазақстандағы мәдениеті, оның тарихы мен тілі, діні, әдебиеті толық қарастырылады. Мәдени модернизация жылдарындағы Қазақстандағы рухани өмірдегі өзгерістердің пайда болуы мен ерекшелігі жайлы қарастырылады.<br>Модернизация кезіндегі қазақ әдеби тілінің негізі қаланып, жаңа стильдік формалар пайда бола бастаған кезеңді қарастыру және қазақ жазушылары жаңа жанрларды меңгере бастағандығы жайлы талдау.. Кеңес өкіметі орнауымен бір мезгілде мәдениетті қайта құру шаралары жүзеге асырыла бастағандығы жайлы қарастыру.Сонымен қатар Елде ағарту ісін дамытуға аса назар аударылуы жайлы дерек көздеріне шолу жасау.Қазақ мерзімдік баспасының гүлдене бастаған уақыты ХХ ғасырдың бас кезіне тура келгендігі жайлы және оқу ағарту мен білім идеяларын бұқара арасында насихаттау туралы мәліметтерді қарастыру.<br>Күтілетін нәтиже: Білуі керек: Модернизация кезіндегі қазақ әдеби тілінің негізі қаланып, жаңа стильдік формалар пайда бола бастаған кезең туралы және қазақ жазушылары жаңа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | жанрларды меңгере бастағандығы жайлы, кеңес өкіметі орнауымен бір мезгілде мәдениетті қайта құру шаралары жүзеге асырыла бастағандығы жайлы, «мәдени революциы» жылдарындағы Қазақстан туралы білуі керек.<br>Меңгеруі керек:Қазақстандағы 20 ғасырдың 20-80 жылдардағы мәдени салада болған модернизациялардың тарихи маңыздылығы туралы білім меңгеру керек. Елде ағарту ісін дамытуға аса назар аударылуы жайлы дерек көздеріне шолу жасауды және қазақ мерзімдік баспасының гүлдене бастаған уақыты ХХ ғасырдың бас кезіне тура келгендігі жайлы және оқу ағарту мен білім идеяларын бұқара арасында насихаттау туралы білім меңгеруі керек. |
| **10** | Шығыс және Батыс елдерінің қазіргі заман тарихы | 6 | Батыс және Шығыс елдерінің жаңа заман тарихы | Әлем тарихының өзекті мәселелері | Пән Шығыс және Батыс елдерінің жаңа тарихын зерттейді. Әлемдік жүйедегі Шығыс пен Батыстың ара қатынасы және даму ерекшеліктерін саралау арқылы жан – жақты білім қалыптастыру.<br>Пән бойынша Шығыс және Батыс елдерінің маңызды тарихи оқиғалары мен фактілерін қарастырады. Студенттерді Шығыс және Батыс елдерінің қазіргі заман тарихының негізгі даму кезеңдерімен және тараптық мәселелерімен таныстырылады.Тарихи оқиғалардың маңызы мен барысы жайлы, дерек көздері туралы қарастырылады.<br>Шығыс және Батыс елдерінің тарихының ерекшеліктері мен заңдылықтары, жаңа тарихи концепцияларды негізге алу арқылы студенттерде жаңа заман тарихы туралы, даму ерекшеліктеріне: саяси, қоғамдық, экономикалық, әлеуметтік даму жолдарының заңдылықтарын негізге ала отырып, қазіргі таңдағы даму ерекшеліктеріне тоқталу;студенттерді ғылыми және арнайы оқулықтарды талдай білуі керек.<br>Меңгеру керек: Шығыс және Батыс елдерінің тарихының кезеңдері; хронологиялық шеңберлері; оның негізгі мәселелері; қоғамдық-әлеуметтік құрылым, дамудағы негізгі заңдылықтар мен құбылыстар, оқиғаларды жетік меңгеру, аталмыш мемлекеттерге байланысты тарихи білім меңгеріп шығады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **10** | Шығыс елдері: даму перспективалары және проблемалары | 6 | Батыс және Шығыс елдерінің жаңа заман тарихы | Азия және Африка елдерінің өзекті мәселелері | Шығыс елдерінің даму проблемалары мен келешегінің біртұтас ғылыми қабылдауын олардың дамуының жалпы заңдылықтарын анықтау, Шығыс елдерінінің XX-XXIғ басындағы тарихы туралы білім қалыптастыру.<br>Шығыс елдерінің империализмнің отарлық жүйесінің күйреуінен кейінгі қазіргі заман тарихының негізгі даму тенденцияларын баяндайды.Шығыс елдерінің қазіргі замантарихы аймақтық,елдік жоспар негізінде қарастырылады<br>Күтілетін нәтиже: Шығыс елдерінінің жаңа және қазіргі замандағы қоғамдық-саяси және әлеуметтік –экономикалық тарихының даму заңдылықтары мен ерекшеліктері туралы білуі керек.<br>Меңгеруі керек: Шығыс елдерінің тарихының кезеңдері; хронологиялық шеңберлері; оның негізгі мәселелері; қоғамдық-әлеуметтік құрылым, дамудағы негізгі заңдылықтар мен құбылыстар, оқиғаларды, Шығыс елдерінің қазіргі кездегі саяси тарихы туралы білім меңгеруі керек. |
| **11** | Түркі халықтарының этно-мәдени тарихы | 4 | Этнология Ортағасырлық Қазақстан тарихы | Қазақстан тарихының тарихнамасы мен деректануы | Түркі тілдес халықтардың тарихы және этно-мәдени тарихы туралы білім қалыптастыру.<br>Алғашқы түркі мемлекеттерінің қалыптасу тарихы мен олардың саяи және рухани өмірі туралы, даму үрдісі жайлы қарастырылады және түркі қағанаттарының рухани өмірінің тарихы мен дамуы және әлемдік өркениетте алатын орны маңызы жайлы, көшпелі және отырықшы түркі халықтарының бүгінгі таңда әлемдік өркениет пен мәдениетке әсер еткені туралы қарастыру. түркі халықтарының этно - мәдени тарихының жалпы мәселелері қарастырылады.<br>Күтілетін нәтиже:<br>Білуі керек: түркі тілдес тайпалардың саяси тарихы,ішкі және сыртқы саясаты туралы, түркі тілдес тайпалардың мәдениеті жайлы білуі керек. Көшпелі және отырықшы түркі халықтарының бүгінгі таңда әлемдік өркениет пен мәдениетке әсер еткені туралы білуі керек.<br>Меңгеруі керек: Түркі тілдес тайпалардың шығу тегі туралы білуі керек.Түркі тілдес |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | тайпалардың Қазақстан жеріндегі мекендеген территориясы және олардың тарихын талдап, тарихи деректерге шолу жасауды меңгеру керек. |
| **11** | Түркі халықтарының мәдениеті | 4 | Қазақстанның ежелгі тарихы Ортағасырлық Қазақстан тарихы | Қазақстан тарихының тарихнамасы мен деректануы | Пәннің мақсаты - Түркі мәдениеті - ежелгі заманнан өмір сүріп келе жаткан түркі тайпалары негізінде қалыптасқан мәдениет жайында білім қалыптастыру.<br>Көшпелі және отырықшы түркі халықтарының бүгінгі таңда әлемдік өркениет пен мәдениетке әсер еткені туралы қарастыру.Түркі тілдес тайпалардың шығу тегі туралы мәліметтермен танысу<br>Күтілетін нәтиже:Білуі керек: Ежелгі заманнан өмір сүріп келе жаткан түркі тайпалары негізінде қалыптасқан мәдениет жайында талдау және әлем тарихында түркі мәдениетінің алатын орны мен маңызы жайлы көшпелі және отырықшы түркі халықтарының бүгінгі таңда әлемдік өркениет пен мәдениетке әсер еткені туралы білуі керек. Меңгеруі керек: түркі халықтарының рухани, яғни діні,салт-дәстүрі, әдет- ғұрпы және материалдық мәдениетінің ерекшелігі және түркі халықтарының мәдениетінің әлем өркениетіне әсері туралы талдай білуді меңгеруі керек.. |
| **12** | Қазақ хандығы: ұлттық мемлекеттіліктің тарихи тәжірибесі | 5 | Ортағасырлық Қазақстан тарихы Қазақстанның жаңа заман тарихы | Отан тарихының өзекті мәселелері | Пәннің мақсаты –қазақ хандығының қалыптасуынан бастап,саяси дамуы жайлы дерек көздерімен танысу,білім алу.<br>Пәнде қарастырылатын мәселелер-қазақ хандығыңың құрылу тарихының алғы шарттары мен алғашқы қазақ хандары жайында талдау. Күтілетін нәтиже:<br>Білуі керек: Қазақ хандығының қалыптасуының алғы шарттарының тарихы, яғни алғашқы қазақ хандары мен олардың саяси қызметі мен алғашқы қазақ хандығының территориясы туралы,әлеуметтік-экономикалық жағдайы және ішкі-сыртқы саясаты жайлы білуі керек.<br>Меңгеруі керек: қазақ хандыығының қалыптасуы мен дамуы және саяси, рухани және материалдық мәдениеті,қазақ хандығының этникалық құрамы туралы, осы кезеңге қатысты тарихи деректерге шолу жасауды және оның тарихи маңыздылығын анықтауды меңгеруі керек. |
| **12** | Қазақ | 5 | Ортағасырл | Отан | Қазақ мемлекеттілігінің пайда болуы, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мемлекеттілігінің тарихы | | ық Қазақстан тарихы Қазақстанның жаңа заман тарихы | тарихының өзекті мәселелері | қалыптасуы мен дамуы туралы, қазақ қоғамының даму заңдылықтары туралы білім қалыптастыру. Әлемдік тарих пен мәдениетте, әсіресе Еуразия халықтарының тарихи тағдырында өмір сүрген Қазақстан мен этностардың орны мен рөлін анықтау, қазақ хандығнының қалыптасуының алғышарттары мен даму тарихы жайлы қарастырылады.<br>Күтілетін нәтиже: Қазақ мемлекеттілігінің эволюциясы және саяси тарихы туралы білуі керек. Қазақ мемлекеттілігінің пайда болуы, қалыптасуы мен дамуы туралы, қазақ қоғамының даму заңдылықтары жайлы білім меңгеріп шығады. |
| **13** | Қазақ халқының рухани - мәдени мұрасы | 5 | Ортағасырлық Қазақстан тарихы Қазақстанның жаңа заман тарихы | Қазақстан тарихының тарихнамасы мен деректануы | Қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасы болып табылатын тарихи ескерткіштер, салт-дәстүр мен әдет-ғұрып тарихы оқытылады. Қазақ халқының рухани мәдениеті мен мәдени дамуы туралы біліктілік дағдыларын ќалыптастыру.<br>Қазақ халқының рухани мәдениетінің даму үрдістерін, сақ-үйсін және ежелгі түрік дәуірінің өнері мен мифологиясын, номадизмнің мәдени аспектілерін қарастырады, исламдандырудың идеялық-адамгершілік және әлеуметтік-мәдени аспектілерін, мұсылман факторының маңызын көрсетеді, қазақ фольклорының, жыраулардың, ақындардың шығармаларының, жазба әдебиетінің ескерткіштерін, қазақ халқының өмір сүру мазмұнын ашады, отаршылдық дәуірінің мәдени мұрасын сипаттайды, рухани-мәдени үдерістердің қарама-қайшылықтары мен үрдістерін анықтайды, қазақ ағартушылығының мәнін, халықтың рухани мұрасы жайлы қарастырылады. Күтілетін нәтиже:<br>Білуі керек: Қазақ халқының рухани мәдениеті, яғни діні,салт – дәстүрі мен әдет-ғұрпы жайлы,әлемдік деңгейде қазақ мәдениетінің алатын орны мен маңызы туралы білуі керек.<br>Меңгеруі керек: Студенттер пән бойынша қазақ халқының рухани мәдениетінің ерекшелігін және оның қазақ халқының өміріндегі маңыздылығы туралы және қазақ халқының тек саяси тарихын ғана емес, рухани өмірінің тарихын меңгеруі керек. |
| **13** | Қазақ | 5 | Ортағасырл | Қазақстан | Курс қазақ халқының рухани мәдениетінің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | халқының рухани мәдениетінің тарихы | | ық Қазақстан тарихы Қазақстанның жаңа заман тарихы | тарихының тарихнамасы мен деректануы | құндылық-мағыналық мазмұны мен тарихы, мәдени өсім мен трансформацияның мәнін ашады. Ежелгі дәуірдің рухани мәдениетінің мазмұнын, номадизм, өнер және сақ-үйсін және ежелгі түркі дәуірінің мифологиясы мәдени аспектілерін қарастырады. Исламдандырудың идеялық-адамгершілік және әлеуметтік-мәдени аспектілерін баяндайды, Қазақ фольклорының, жыраулардың, ақындардың шығармаларының, жазба әдебиет ескерткіштерінің мәнін ашады, отаршылдық дәуірінің мәдени мұрасын сипаттайды.<br>Күтілетін нәтиже: Қазақ халқының рухани мәдениетінің құндылық-мағыналық мазмұны мен тарихы туралы білуі керек. Қазақ халқының рухани мәдениетінің ерекшелігі және дамуы жайлы білім меңгеруі керек. |
| **14** | Қазақ халқының материалдық мәдениеті | 5 | Ортағасырлық Қазақстан тарихы Қазақстанның жаңа заман тарихы | Отан тарихының өзекті мәселелері | Қазақ халқының материалдық мәдениетінің даму ерекшеліктерін қазақ халқының тарихи-мәдени үрдісінің негізгі заңдылықтары туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>Студенттер қазақ халқының ертеден келе жатқан материалдық мәдениетінің ерекшелігі және даму тарихына тоқталып,жалпы мәдениет ұғымына анықтама береді.<br>Күтілетін нәтиже<br>Білуі керек: қазақ халқының материалдық мәдениетінің ерекшелігі және оның дамуы туралы және қазақ халқының материалдық мәдениетінде киіз үйдің маңызы және оның құрылысы туралы, қазақ халқының ертеден келе жатқан материалдық мәдениетінің ерекшелігі және даму тарихына тоқталып,жалпы мәдениет ұғымы туралы білуі керек.<br>Меңгеруі керек: Пәннің мақсат- міндеттері туралы және студенттер қазақ халқының материалдық мәдениетінің қайнар көзі, материалдық құндылық туралы білім меңгеруі керек. |
| **14** | Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті | 5 | Ортағасырлық Қазақстан тарихы Қазақстанның жаңа заман тарихы | Отан тарихының өзекті мәселелері | Пәннің мақсаты – Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің түп тамыры, қазақ мәдениетінің қалыптасып дамыған аймағы осы ұлттың бүгінгі мекені, соның төңірегі жайында білім қалыптастыру.<br>Мазмұны - Дәстүрлі қазақ мәдениетінің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ерекшелігі және оның даму тарихы туралы қарастыру.<br>Күтілетін нәтиже:Білуі керек: Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің түп тамырының тереңдігін, қазақ мәдениетінің қалыптасып дамыған аймақтарының тарихы және ұлттың бүгінгі мекені, соның төңірегі жайында, дәстүрлі қазақ мәдениетінің ерекшелігі және оның даму тарихы туралы білуі керек.<br>Меңгеруі керек: Дәстүрлі мәдениет туралы білім,соның ішінде қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің дамуы және ерекшелігі жайлы талдау және тарихи деректерді саралауды меңгеруі керек. |
| **Кәсіптендіру пәндері** | | | | | |
| **Таңдаулы пәндер ТП** | | | | | |
| **1** | Ғылыми зерттеу негіздері | 6 | Қосалқы тарихи пәндер | Қазақстан тарихының тарихнамасы мен деректануы Шығыс және Батыс елдерінің тарихнамасы мен деректануы | Мақсаты-Ғылыми зерттеудің методологиясы мен технологиясы туралы түсінік,танымын қалыптастыру.<br>Мазмұны:Ғылыми зерттеу жұмыстарының теориялық негіздері,әдіс-тәсілдері,принциптері ,заңдылықтары жайлы мәселелер қарастырылады.<br>Күтілетін нәтиже:<br>Білуі керек: Ғылыми зерттеу жұмыстарының теориялық негіздері,әдіс-тәсілдері,принциптері ,заңдылықтары жайлы білуі керек.<br>Меңгеруі керек: Ғылыми зерттеу жұмыстарының теориялық негіздері, әдіс-тәсілдері, принциптері ,заңдылықтары өзекті мәселелері туралы білім алып шығады, Ғылыми әдіс — жалпы ғылыми аясындағы<br>қолданылатын әдістердің жиынтығы, зерттеу әдістері және олардың жіктелуі, жүргізу принциптері туралы білім меңгеруі керек. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **1** | Ғылыми зерттеудің теориясы мен методологиясы | 6 | Қосалқы тарихи пәндер | Қазақстан тарихының тарихнамасы мен деректануы Шығыс және Батыс елдерінің тарихнамасы мен деректануы | Мақсаты - Тарихи ғылымдар саласындағы ғылыми зерттеудің методологиясы мен технологиясы туралы және оның маңызы жайында түсінік,танымын қалыптастыру.<br>Мазмұны: Ғылыми зерттеу жұмыстарының теориялық негіздері,әдіс-тәсілдері,принциптері ,заңдылықтары жайлы мәселелер қарастырылады.<br>Күтілетін нәтиже:<br>Білуі керек: Тарихи ғылымдар саласындағы ғылыми зерттеудің методологиясы мен технологиясы туралы және оның тарих саласындағы маңызы жайында білуі керек.<br>Меңгеруі керек: Ғылыми зерттеу жұмыстарының теориялық негіздері, әдіс-тәсілдері, принциптері ,заңдылықтары жайлы мәселелері, заңдылықтары өзекті мәселелері туралы білім меңгеріп шығады. |
| **2** | Қазақстан Республикасы әлемдік қауымдастықта | 5 | Қазақстанның қазіргі заман тарихы | Отан тарихының өзекті мәселелері | Курстың негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының әлемдік қоғамдастықтағы орны мен рөлін анықтау, оның теңдестірілген және көпвекторлы сыртқы саясатының негізгі факторлары мен бағыттарын анықтау болып табылады, Қазақстанның сыртқы саясатының өзекті мәселелері қарастырылады.<br>Күтілетін нәтиже: Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы білуі керек. Қазақстан Республикасының әлемдік қауымдастықтағы орны мен саяси ұйымдарға мүше болуы мен қарым-қатынасы жайлы білім меңгеріп шығады. |
| **2** | Қазақстан Республикасының дипломатиясының тарихы | 5 | Қазақстанның қазіргі заман тарихы | Отан тарихының өзекті мәселелері | ҚР тәуелсіздігінің қалыптасуының негізгі кезеңдері мен Қазақстан Республикасының Тәуелсіз мемлекет ретінде танылуы және дипломатиясының тарихы туралы білім қалыптастыру. XX ғ. 90-шы жж. Қазақстан дипломатиясының қалыптасуы. Қазақстан Республикасының әлем елдерімен қазіргі заманғы дипломатиялық қатынастарының қалыптасуы мен дамуы жайлы қарастырылады.<br>Күтілетін нәтиже: Қазақстан Республикасының дипломатиясының даму тарихы мен маңызы жайлы білуі керек. Қазақстан Республикасының әлем елдерімен қазіргі заманғы дипломатиялық қатынастары туралы білім меңгеріп шығады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **3** | Қазақстанның экономикалық тарихы | 4 | Қазақстанның жаңа заман тарихы , Қазақстанның қазіргі заман тарихы | Отан тарихының өзекті мәселелері | Пән дүниежүзілік тарих контекстіндегі Қазақстанның экономикалық тарихы туралы білім қалыптастыру. Қазақстанның экономикасының тарихы мен дамуы және өтпелі кезең экономикасының қиыншылықтары туралы қарастырылады. Экономиканы реформалау талпыныстары, кезеңі қарастырылады.<br>Күтілетін нәтиже: Қазақстандағы экономикалық реформалардың тарихы мен жүргізілу барысы туралы білуі керек. Қазақстанның экономикасының дамуы мен тарихы жайлы білім меңгеріп шығады. |
| **3** | Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық реформалар | 4 | Қазақстанның қазіргі заман тарихы | Отан тарихының өзекті мәселелері | Курс кеңес қоғамының саяси және экономикалық негіздерін реформалау тарихын, орталықтандырылған әкімшілік жүйенің әлеуметтік - экономикалық басымдықтарын қарастырады, Кеңестік республикаларды дамытудың нарықтық жолын тану және қабылдау себептерін анықтайды. ТМД-ның Бірыңғай экономикалық кеңістігі шеңберіндегі Қазақстандағы экономикалық реформаларды, әлеуметтік-экономикалық реформалаудың негізгі кезеңдерін, Қазақстандағы жаңа экономикалық саясатты іске асыру мақсаттарын, міндеттерін, нәтижелерін ашады.<br>Күтілетін нәтиже: қоғамының саяси және экономикалық негіздерін реформалау тарихы туралы білуі керек. Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық реформалардың барысы жайлы білім меңгеріп шығады. |
| **4** | Қазақстан тарихының тарихнамасы мен деректануы | 5 | Ортағасырлық Қазақстан тарихы, Қазақстанның жаңа заман тарихы | Отан тарихының өзекті мәселелері | Қазақстан тарихының тарихнамасы мен деректануы туралы білім қалыптастыру. Қазақстан тарихының тарихнамасы мен Қазақстанның тарихына қатысты деректердің түрлері мен маңызы жайлы қарастырылады.Тарихи деректердің сақталған кешені туралы білімдерін ашады, Қазақстан тарихындағы ежелгі және орта ғасырлық және жаңа заман тарихының деректерін шолу және сипаттама беру, революцияға дейінгі кезеңдегі Қазақстанның зерттеу тарихының мәселелерін баяндау.<br>Күтілетін нәтиже:Қазақстан тарихының деректері мен тарихы туралы білуі керек. Қазақстан тарихының тарихнамасы мен деректерінің тарихи маңызы мен түпнұсқалығы жайлы білім меңгеріп шығады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **4** | Қазақстандағы тарих ғылымының даму тарихы | 5 | Қазақстанның жаңа заман тарихы Қазақстанның қазіргі заман тарихы | Отан тарихының өзекті мәселелері | Курс Қазақстандағы тарих ғылымының даму тарихын, оның тұтас тарихи сананы қалыптастыруға ықпал ететін түйінді мәселелерін баяндайды. Тарихнаманың теориялық-әдіснамалық мәселелерін, ежелгі дәуірде Орталық Азия аумағында тарихи білімнің пайда болуын, ерте және дамыған орта ғасырларда (VI – XШ ғғ. басы) тарихи ақпараттың жинақталу процестерін, Қазақстандағы тарих ғылымының дамуын (1930-1950 жж.), Қазіргі кезеңдегі Қазақстан тарихын зерттеу жағдайын көрсетеді. Ұлттық тарихнама өкілдерінің ежелгі заманнан бері қазақ халқының жүйелі тарихын жазу тарихын ашады.<br>Күтілетін нәтиже:Қазақстандағы тарих ғылымының дамуы мен тарихи сананың қалыптасуы туралы білуі керек. Тарихнаманың теориялық-әдіснамалық мәселелері мен Қазақстан тарихының зерттелуі жайлы білім меңгеріп шығады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **5** | ХХ ғасырдағы Қазақстан тарихындағы ұлт зиялылары | 5 | Қазақстанның жаңа заман тарихы | Отан тарихының өзекті мәселелері | Мақсаты: Қазақстанда XX ғасырдың басында қалыптасқан ұлт зиялыларының тағдыры мен қызметі туралы білім алып шығу.<br>Мазмұны: Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуында болтан өзгерістер қазақ халқынын рухани өміріне терең әсер етті. Саяси, экономикалық қоса, құлдыққа салушылардың мәдениеті күштеп танылды. Отаршыл билік қазақ халкының мүдделері мен құқықтарын елемей, онын рухани дамуын тежеді. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірінде қарастырылып отырған кезенде орын алған соны құбылыстар қазақ қоғамының қоғамдық санасындағы елеулі өзгерістерге әкеп соқты. Мұндай елеулі өзгерістер ұлттық сана-сезімді оятуға жағдай жасады, қазақ қоғамында жаңа идеялардың, ой-пікірлер мен көзқарастардың қалыптасуын анықтап берді. Ұлттық зиялылардың қалыптасу жолы бірдей болған жоқ, күрделі және ұзаққа созылған үрдіс болды.<br>Күтілетін нәтиже: Білуі керек: Зиялы қауым мағынасын білуі керек. Патшаның отарлық саясатына қарсы шығып, ұлт мүддесін ойлаған ұлт зиялылыларынының қалыптасуы мен олардың тағдыры жайлы білуі керек.<br>Меңгеруі керек: Ұлт зиялыларының Қазақ тарихындағы орны мен маңызы туралы білімді меңгеру. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси өміріндегі қазақ зиялыларының атқарған жұмысы мен олардың қызметі жайлы білім меңгеріп шығады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **5** | Қазақстандағы ұлт - азаттық қозғалыстар тарихы | 5 | Қазақстанның жаңа заман тарихы | Отан тарихының өзекті мәселелері | Курс Қазақстандағы ұлттық-азаттық қозғалыстардың себептері, сипаты, қозғаушы күші, салдары туралы негізгі мазмұнын ашады. Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстардың теорриялық-әдіснамалық зерделенуі жайлы қарастырылады. Қазақстанның Ресейге қосылу тарихы контекстінде ұлт-азаттық қозғалыстарды зерттеудің өзекті мәселелерін ашып көрсетеді. Халық қозғалысының пайда болуының факторы сыртқы фактор, яғни Ресей саяси жүйесінің және оның институттарының көшпенділер өмірінің дәстүрлі тәртібіне араласуы болғанын анықтайды. Қазақ халқының азаттық күресі жағдайында орталықтандырылған мемлекет идеясының қалыптасуын қарастырады.<br>Күтілетін нәтиже: Қазақстандағы ұлт - азаттық қозғалыстардың басталу себептері мен барысы және аяқталуы жайлы білуі керек.Ұлт азаттық көтерелістердің сипаты мен көтереліс басшыларының саясаты және көтеріліс қорытындылары жайлы білім меңгеріп шығады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **6** | Шығыс және Батыс елдерінің тарихнамасы мен деректануы | 5 | Батыс және Шығыс елдерінің жаңа заман тарихы Шығыс және Батыс елдерінің қазіргі заман тарихы | Әлем тарихының өзекті мәселелері | Шығыс және Батыс елдерінің тарихына қатысты деректер туралы білім меңгерту. Тарихнамалық мәдениетті қалыптастыруда студенттерді тарихнамалық зерттеуде историзм принципін саналы түрде қолдануға бағыт беру. Шығыс және Батыс елдері тарихы тарихнамасының маңызыды міндеті тарихи ғылымның даму заңдылықтарын анықтау және тарихи ойдың түрлі бағыттарының теориялық-методологиялық принциптерін үйрену.<br>Пәннің мазмұны- Шығыс және Батыс елдерінің тарихына қатысты дерек көздеріне шолу жасап.қарастыру. Тарихнама немесе тарихи ғылымдардың тарихы тарихи ойлардың даму үрдістерін және тарихи білімдердің жинақталуын зерттейді. Шығыс және Батыс елдерінің жаңа заман тарихнамасы мәселелерін жасап, оны оқытудың қазіргі кездегі ғылыми және саяси маңызы үлкен. Шығыс және Батыс елдерінің тарихының тарихнамасы тарихшы-студенттерді оқыту барысында негізгі элемент болып табылады. Тарихты зерттеу әдістерінің дамуымен, тарихшылардың алдында жалпы тарихи үрдісте өз халқының орнын анықтау проблемасы тұрды. Осыған байланысты, көрші халықтардың ортағасырлық тарихы түпкілікті зерттеле бастады.<br>Күтілетін нәтиже: Білуі керек: Шығыс және Батыс елдерінің тарихының тарихнамалық зерттеулердегі методология мәселелерін, тарихи даму барысында шетел зерттеулерінің нәтижелерін білу. Шығыс және Батыс елдерінің ежелгі, орта ғасыр, жаңа және қазіргі заман тарихының нақты мәселелеріне тарихнамалық және дерекнамасы жайлы талдау жасай білу керек;<br>Меңгеруі керек: Тарихи даму бағытының дүниетанымы мен методологиялық құрылымына әр елдің ұлттық, әлеуметтік және саяси даму ерекшеліктері Шығыс және Батыс елдерінің тарихы тарихнамасы мен деректануының маңызды міндеті тарихи ғылымның даму заңдылықтарын анықтау және тарихи ойдың түрлі бағыттарының теориялық-методологиялық принциптерін меңгеріп шығады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **6** | Шет елдер тарихының тарихнамасы мен деректануы | 5 | Шығыс елдерінің тарихындағы дереккөздер | Әлем тарихының өзекті мәселелері | Пән шет елдерде тарих ғылымының даму үрдісі туралы білім мен түсінік жүйесін , сонымен қатар тарихи және тарихнамалық деректермен жұмыс істеу дағдылары мен іскерлігін қалыптастыруға бағытталған. Деректану және тарихнаманың теориялық мәселелері зерттеледі. Тарихнамалық факт түсінігі. Тарихнама дереккөзінің түсінігі және табиғаты. Тарихнамалық зерттеудің құрылымы мен әдіснамасы қарастырылады.<br>Күтілетін нәтиже: Білуі керек: Шет елдер тарихының тарихнамалық зерттеулердегі методология мәселелерін, тарихи даму барысында шетел зерттеулерінің нәтижелерін білу. Шет елдерінің ежелгі, орта ғасыр, жаңа және қазіргі заман тарихының нақты мәселелеріне тарихнамалық және дереknамасы жайлы талдау жасай білу керек;<br>Меңгеруі керек: Тарихи даму бағытының дүниетанымы мен методологиялық құрылымына әр елдің ұлттық, әлеуметтік және саяси даму ерекшеліктері Шет елдер тарихы тарихнамасы мен деректануының маңызды міндеті тарихи ғылымның даму заңдылықтарын анықтау және тарихи ойдың түрлі бағыттарының теориялық-методологиялық принциптерін меңгеріп шығады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **7** | Әлем тарихының өзекті мәселелері | 6 | Батыс және Шығыс елдерінің жаңа заман тарихы Шығыс және Батыс елдерінің қазіргі заман тарихы | МАК | Мақсаты- Әрбір мемлекет өзінің дамуы барысында ең алдымен мемлекеттің тарихына ерекше орын береді,сол сияқты Әлем елдерінің тарихының өзекті мәселелеріне тоқталып,олардың шешілуі жөнінде білім меңгерту.<br>Пәннің мазмұны-әлем мемлекеттерінің тарихындағы өзекті мәселелер туралы қарастыру.<br>Күтілетін нәтиже: Білуі керек: Әлем тарихының теориялық-әдіснамалық мәселелері, Ежелгі дүние тарихынан бастау алған әлем тарихының қазіргі заманға дейінгі кезеңнің тарихы мен өзекті мәселелері туралы білім алып шығады. Әлем елдерінің әлеуметтік-экономикалық,қоғамдық саяси өмірі жайлы білуі керек.<br>Меңгеруі керек: Әлем елдерінің тарихындағы өзекті мәселелерді талдай білуді меңгеру. Әлем елдерінің пайда болуы мен дамуының негізгі фазалары туралы қазіргі заманға дейін қалыптасып келген көзқарастары туралы меңгеру. |
| **7** | Азия және Африка елдерінің өзекті мәселелері | 6 | Батыс және Шығыс елдерінің жаңа заман тарихы Шығыс және Батыс елдерінің қазіргі заман тарихы | МАК | Мақсаты Шығыс елдерінің қазіргі дамуының маңызды ерекшеліктерімен танысу, дәстүрлі шығыс қоғамдарында болып жатқан маңызды әлеуметтік-саяси және этно-діни үдерістер туралы олардың нақты түсініктерін қалыптастыру, Азия мен Африка елдерінің дамуындағы демократиялық және модернистік үрдістерді, олардың көпполярлы әлем құрудағы орнын зерделеу болып табылады.<br>Күтілетін нәтиже: Азия және Африка елдерінің даму тарихының ерекшелігі мен саяси тарихындағы елеулі оқиғалар туралы білуі керек. Азия және Африка елдерінің тарихындағы өзекті мәселелер мен оны шешу жолдары жайлы білім меңгеріп шығады. |

**6В02212 "Отан және дүние жүзі тарихы"**
**білім беру бағдарламасы бойынша таңдаулы пәндер**
**ТІЗІМІ**
**Оқу мерзімі: Күндізгі - 4 жыл**

| **Пәннің атауы** | **Пәннің коды коды** | **Кредит саны** | **Семестр** |
|---|---|---|---|

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Жалпы білім беру пәндері** | | | |
| **Таңдау компоненті 1** | | | |
| ***Модуль: Экономикалық- құқықтық білімдер*** | | **5** | **2** |
| Нарықтық экономика және кәсіпкерлік негіздері | NEKN 1111 | 3 | |
| Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет және құқық негіздері | SZhKMKN 1112 | 2 | |
| **Таңдау компоненті 2** | | | |
| ***Модуль: Экономикалық - жаратылыстану білімдер*** | | 5 | 2 |
| Нарықтық экономика және кәсіпкерлік негіздері | NEKN1111 | 3 | |
| Экология және тіршілік қауіпсіздік негіздері | ETKN 1112 | 2 | |
| **Базалық пәндер** | | | |
| **Таңдау компоненті 1** | | | **3** |
| Этнология | Etn 2213 | 5 | |
| Әлем халықтарының этнографиясы | AHE 2213 | 5 | |
| **Таңдау компоненті 2** | | | **3** |
| Қосалқы тарихи пәндер | KTP 2214 | 4 | |
| Тарихи нумизматика | TN 2214 | 4 | |
| **Таңдау компоненті 3** | | | 3 |
| Ортағасырлардағы Азия және Африка елдерінің тарихы | OAAET 2215 | 4 | |
| Ортағасырлардағы Азия және Африка елдерінің тарихы тұлғалар арқылы | OAAETTA 2215 | 4 | |
| **Таңдау компоненті 4** | | | **4** |
| Мұражайтану | Mur 2216 | 4 | |
| Әлем мұражайларының тарихы | AMT 2216 | 4 | |
| **Таңдау компоненті 5** | | | 4 |
| Әлем діндер тарихы | ADT 2217 | 5 | |
| Әлем халықтарының мәдениеті мен тарихындағы діндер | AHMTD 2217 | 5 | |
| **Таңдау компоненті 6** | | | 4 |
| Шығыс және Батыс елдерінің ортағасырлық мәдениеті | ShBEOM 2218 | 5 | |
| Ортағасырлардағы саяси ойдың тарихы | OSOT 2218 | 5 | |
| **Таңдау компоненті 7** | | | 5 |
| Теориялық деректану | TD 2319 | 5 | |
| Шығыс елдерінің тарихындағы дереккөздер | ShETD 2319 | 5 | |
| **Таңдау компоненті 8** | | | 5 |
| Мұрағаттану | Mur 2320 | 4 | |
| Мұрағат ісінің тарихы | MIT 2320 | 4 | |
| **Таңдау компоненті 9** | | | 5 |
| Қазақстанның қазіргі заман тарихы | KKZT 2321 | 6 | |
| Мәдени модернизация жылдарындағы Қазақстан | MMZhK 2321 | 6 | |
| **Таңдау компоненті 10** | | | 5 |
| Шығыс және Батыс елдерінің қазіргі заман тарихы | ShBEZhZT 2322 | 6 | |
| Шығыс елдері: даму перспективалары және проблемалары | ShEDPP 2322 | 6 | |
| **Таңдау компоненті 11** | | | 6 |
| Түркі халықтарының этно-мәдени тарихы | THEMT 2323 | 4 | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Түркі халықтарының мәдениеті | KTN 2323 | 4 | |
| **Таңдау компоненті 12** | | | 6 |
| Қазақ хандығы: ұлттық мемлекеттіліктің тарихи тәжірибесі | KHUMTT 2324 | 5 | |
| Қазақ мемлекеттілігінің тарихы | KMT 2324 | 5 | |
| **Таңдау компоненті 13** | | | 6 |
| Қазақ халқының рухани - мәдени мұрасы | KHRMM 2325 | 5 | |
| Қазақ халқының рухани мәдениетінің тарихы | KHRMT 2325 | 5 | |
| **Таңдау компоненті 14** | | | 6 |
| Қазақ халқының материалдық мәдениеті | KHMM 2326 | 5 | |
| Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті | KHDM 2326 | 5 | |
| **Кәсіптендіру пәндері** | | | |
| **Таңдау компоненті 1** | | | **5** |
| Ғылыми зерттеу негіздері | GZN 3306 | 6 | |
| Ғылыми зерттеудің теориясы мен методологиясы | GZTM 3306 | 6 | |
| **Таңдау компоненті 2** | | | **7** |
| Қазақстан Республикасы әлемдік қауымдастықта | KRAK 3407 | 5 | |
| Қазақстан Республикасының дипломатиясының тарихы | KRDT 3407 | 5 | |
| **Таңдау компоненті 3** | | | 7 |
| Қазақстанның экономикалық тарихы | KET 3408 | 4 | |
| Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық реформалар | KAER 3408 | 4 | |
| **Таңдау компоненті 4** | | | 7 |
| Қазақстан тарихының тарихнамасы мен деректануы | KTTD 3409 | 5 | |
| Қазақстандағы тарих ғылымының даму тарихы | KTGDT 3409 | 5 | |
| **Таңдау компоненті 5** | | | 7 |
| ХХ ғасырдағы Қазақстан тарихындағы ұлт зиялылары | KTUZ 3410 | 5 | |
| Қазақстандағы ұлт - азаттық қозғалыстар тарихы | KUAKT 3410 | 5 | |
| **Таңдау компоненті 6** | | | 7 |
| Шығыс және Батыс елдерінің тарихнамасы мен деректануы | ShBETD3411 | 5 | |
| Шет елдер тарихының тарихнамасы мен деректануы | ShETTD 3411 | 5 | |
| **Таңдау компоненті 7** | | | 8 |
| Әлем тарихының өзекті мәселелері | ATOM 3412 | 6 | |
| Азия және Африка елдерінің өзекті мәселелері | AAEOM 3412 | 6 | |